

**М.Б.Ықсанов атындағы №36ЖОББМ**  
**Қамқоршылық кеңес хаттамасы №1**

**21.08.2020 жыл**

**Күн тәртібі:**

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қызметтерімен таныстыру
2. Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту
3. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруда әлеуметтік жағынан қорғалмаған балаларды компьютерлік техникалық құралдармен қамтамасыз ету.

№1 мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес отырысын Н.Жолдасқалиев ашып, күн тәртібімен таныстырды. Мектепте заңнамаға сәйкес дербес балансымен қамқоршылық есепшоп ашылды. Қазіргі таңда мектептегі қамқоршылық кеңес мүшелері демеушілердің осы есепшоп арқылы қаржылай көмек бере алатынын айта кету керек болар деп есептеймін. Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің құрамында өзгеріс бар. Ата- аналар комитеті мүшелерінен, үкіметтік емес ұйым мүшелері, қалалық маслихат депутаты бар. Барлығыда қамқоршылық кеңес жұмысы кезінде орындалатын ережелерді біледі, танысты.

№2 мәселе бойынша қамқоршылық кеңес мүшесі, ата- аналар комитетінің төрайымы Ф.Р.Магзимова сөз алды. Мектеп бойынша ата- аналар тізімі жасақталды, әлеуметтік топтарға жататын балалар тізімі жасақталып, қамқорлық акциялары кезінде көмек көрсету жоспарланды. Жоспарға енгізілген өзгерістердің бірі дөңгелек үстел, кездесулер өткізу. Мектептің қоғамдық өміріне араласу, шараларға белсене қатысу.

№3 мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі сөз алып, қазіргі таңда әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы оқушыларына және де басқа да санаттарға жататын, ата- ананың өтініші бойынша толық отбасы балаларына мектеп балансындағы 34 компьютерлік техникалық құралдар уақытша пайдалануға берілді. Алдағы уақытта 13 компьютер алу жоспарланған.

Қаулы:

1. Заңнамада көрсетілген ережелерді орындау қаперге алынсын.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұсыныстары
3. Оқушылардың компьютерлік техникалық құралдармен қамтамасыз етілуі қадағалансын.

Төраға:  *Жолдасқалиев Н*  
Хатшы:  *Магзимова Ф.Р.*